

"Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің мемлекеттік мекемелерінің жарғыларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2020 жылғы 3 қарашадағы № 17 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2023 жылғы 27 маусымдағы № 349 бұйрығы

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің мемлекеттік мекемелерінің жарғыларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2020 жылғы 3 қарашадағы № 17 бұйрығына мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрыққа 2-қосымшада:

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Орталықтың заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 010000 индексі, Астана қаласы, Есіл ауданы, Шұбар тұрғын алабы, Алпамыс батыр көшесі, 23/1."

2. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Медициналық-психологиялық қызмет басқармасы заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" республикалық мемлекеттік кәсіпорнына Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жолдауды;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Апаттар медициналық орталығы (Астана қаласы) мемлекеттік мекемесі сеніп тапсырылған мемлекеттік мекеменің құрылтай құжаттарына енгізілген өзгерістерді Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіпте әділет органдарында мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Министр генерал-майор

С. Шәріпханов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК